

Білім беру бағдарламасы	БВ01101 Педагогика және психология
Мақсаты	Оқытудың инновациялық технологияларына бағдарланған, креативті ойлауды меңгерген, кәсіби-педагогикалық міндеттерді қазіргі ғылыми-практикалық деңгейде тиімді шеше алатын Педагогика және психология бойынша жоғары білікті педагог кадрларды даярлау.
БББ күтілетін нәтиже	<p>ON1 Кәсіби сөйлеу жағдайларында лингвистикалық құралдармен нақты коммуникативті мәселелерді шешу, кәсіби қызметінде терминдерді тиімді пайдалану.</p> <p>ON 2 Цифрлық технологияларға негізделген білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілдерін зерделеу және айқындау; психология мен педагогиканың негізгі ұғымдарын, негізгі принциптері мен негіздерін, білім берудегі басқару процестерін меңгеру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың жаңа философиясын қабылдау.</p> <p>ON 3 Зерттелетін салада психология мен педагогиканы, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазуды талдау әдістерін қолдану; Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын және оны алу көздерін түсіну; алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін пайдалану.</p> <p>ON 4 Кәсіби-педагогикалық қызметтің мазмұнымен, жалпы мәдени, кәсіби құзыреттіліктерді және олардың компоненттерін тиімді игеру әдістерімен байланыстыру, педагог-психологтың заманауи бейнесін қалыптастыру.</p> <p>ON 5 Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін, мәдени-тарихи мұраны игеру, түсіну және қабылдау, өз қызметі мен рефлексиясының нәтижелерін бағалау, олардың теориялық негіздерін түсіну және кәсіби қызметте пайдалану қабілетін қалыптастыру.</p> <p>ON 6 E-Learning; MOODL, ZOOM, Google Classroom және оқытуды басқарудың автоматтандырылған жүйесінің көмегімен қашықтықтан білім беруде оқыту үлгілерін пайдалану әдістемесін кеңейту; кең ой-өрісі мен ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық пәндер саласында базалық білімді қолдану; кәсіби және жеке өсу.</p> <p>ON 7 Психологияның жалпы негіздерімен, психикалық процестердің заңдылықтарымен қорытынды жасау, қазіргі психологиядағы тұлға ұғымын, психологтың педагогикалық мәдениеті мен этикасының негізгі компоненттерін түсіну; білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оқу-тәрбие процесінің жүйесін сипаттай білу.</p> <p>ON 8 Арнайы психология мен педагогика негіздерінің білімдерін, дағдыларын, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің жаңашылдарының озық тәжірибесінен бағыттарды қолдану, өз білімдерін практикада бекітуге ұмтылу.</p> <p>ON 9 Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын болашақ мұғалім қызметінің психологиялық-дидактикалық негіздерін білу негізінде, Педагогтың кәсіби-педагогикалық мәдениеті негізінде анықтау, педагогикалық шеберліктің, Педагогика және психология саласындағы болашақ маманның кәсіби этикасы мен мәдениетінің үлгілерін әзірлеу және жетілдіру.</p>
ОП түрі	Қолданыстағы БББ
ҰБШ бойынша деңгей	6
СБШ бойынша деңгей	6
Берілетін академиялық дәреже	«БВ01101 Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Оқыту мерзімі	4
Кредиттердің көлемі	240
Кәсіптік стандарттың атауы	педагог
Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні	10-04-2023